



«БЕКІТЕМІН»
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
орталығы» РМҚК директоры
Р. Емелбаев
2023 ж.

«Қазіргі қазақ тілі» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы, 4S01140601-Учитель казахского языка и литературы біліктілігіне арналған «Қазіргі қазақ тілі» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Фонетика. Үндестік заңы. Буын және тасымал.	01	Фонетиканың зерттелу тарихы. Дауысты, дауыссыз. дыбыстардың жіктелуі.
		02	Үндестік заңы. Орфография, орфоэпия. Буын және тасымал.
		03	Екпін. Екпіннің түрлері.
02	Лексика оның салалары	04	Сөздік қор мен құрам. Тұрақты сөз тіркесі. Сөздің тура және ауыспалы мағыналары. Көп мағыналы сөздер.
		05	Омоним, синоним, антоним, тұрақты сөз тіркесі, мақал-мәтел.
		06	Көнерген сөздер, неологизмдер.
		07	Кірме сөздер мен диалект сөздер, кәсіби сөздер мен терминдер.
		08	Табу. Эвфемизмдер мен дисфемизмдер.
03	Сөзжасам.	09	Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, оның зерттелу тарихы. Сөзжасамның лексика-семантикалық, аналитикалық, синтетикалық тәсілі.
04	Морфология	10	Түбір және қосымша.
		11	Зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің, есімдіктің лексико-грамматикалық сипаты
		12	Етістік, оның түрлері, категориялары. Үстеу, еліктеу, одағай, шылау, олардың түрлері.
05	Синтаксис.	13	Сөз тіркесінің түрлері. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі.
		14	Сөйлем мүшелері. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері, айқындауыш, жалпылауыш сөздер.

		15	Жай сөйлемнің құрылысына қарай түрлері.
		16	Салалас, сабақтас құрмалас сөйлем, олардың мағыналық түрлері.
		17	Аралас құрмалас сөйлем. Қыстырма және қаратпа сөздер. Төл сөз бен авторсөзі, төлеу сөз.
06	Пунктуация. Тыныс белгілері.	18	Нүкте, көп нүкте, үтір, тырнақша, жақша, леп белгісі. Қабаттаса қойылатын тыныс белгілер.

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Фонетика мен графика: қазақ тілі фонетикасының тарихы, зерттелуі, тіл дыбыстарының жасалу жолдары

Орфоэпия мен орфография: әдеби тіл нормалары мен орфографиялық біліктіліктері.

Лексика: Лексика. Қазақ тіліндегі сөздердің көп мағыналылығы. Сөздің лексикалық және грамматикалық мәні. Лексикологияның салалары.

Сөзжасам: Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, оның зерттелу тарихы. Сөзжасамның лексика-семантикалық, аналитикалық тәсілі

Морфология: Сөздерді топтастыру принциптері және сөз таптары. Зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің, есімдіктің лексико- семантикалық сипаты. Етістіктің түрлері, категориялары. Үстеудің түрлері. Еліктеу сөздер, одағай, шылау.

Синтаксис: Сөз тіркесінің түрлері. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі. Жай сөйлемнің құрылысына қарай түрлері. Салалас, сабақтас құрмалас сөйлем, түрлері. Аралас құрмалас сөйлем, түрлері.

Пунктуация: тыныс белгілерді қолдана білу дағдылары; Тыныс белгілері туралы түсінік.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа -1,5 - 2 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.


Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ш.К.Бектұров «Қазақ тілі» Лексика Фонетика Морфология Синтаксис Алматы «Атамұра» 2006
2. Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» Алматы, 2006
3. А.Ысқақов Қазіргі қазақ тілі (морфология) Алматы: Ана тілі, 1991.—384 бет.
4. М.Ә.Қараев, Қазақ тілі, Алматы «Ана тілі» 1993
5. Н.Есімбеков, Р.Рахметова Қазақ тілі (фонетика, лексика, сөзжасам, морфология мен синтаксис) Алматы, 2019
6. М.Балақаев Қазіргі қазақ тілі Алматы «Санат» 1997.

«КЕЛІСІЛДІ»

**Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті**



(қолы)

(Т.А.Ә)

« »

 2023ж.





